

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Осылайша, аймақтың басқа да халықаралық қатынастар аренасындағы ірі ойыншылардың қызығушылықтарын тудырып отыруы және басқа да жоғарыда аталған себептер нәтижесінде, Америка Құрама Штаттарына Орталық Азия аймағында әсер ету саласын қолында ұстап қалу үшін, жарқын болашақта, жаңа идеялар мен концепциялардың пайда болуын қамтамасыз еткені жөн болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лебедева М.М. Ресурсы влияния в мировой политике / Полис. 2014. № 1. С. 99 – 108
2. Nye J. S. The Paradox of American Power: Why the World's Only Superpower Can't Go It Alone, Oxford University Press, 2002.
3. Nye J. Soft Power and Higher Education. 2004. EDUCAUSE. Mode of access: <http://net.educause.edu/ir/library/pdf/FFP0502S.pdf>
4. Фонд публичной дипломатии им. А.М. Горчакова. Публикации по ЦА. Режим доступа: <http://gorchakovfund.ru/search/?searchid=2070088&text=%D1%86%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%B0%D1%8F%20%D0%90%D0%B7%D0%B8%D1%8F&web=0>
5. Власов А. Россия и Центральная Азия: упущенные возможности и новые перспективы / Российский совет по международным делам. М.: РСМД, 2013. Режим доступа: http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=1392#top
6. Delegation of European Union to Kazakhstan. Overview. Mode of access: http://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/projects/overview/index_en.htm
7. Интервью министра культуры КНР Цай У корреспонденту информационного агентства «Казинформ» 4 ноября 2013 г. Режим доступа: <http://www.inform.kz/rus/article/2602375>
8. Morozov E. The Digital Dictatorship // The Wall Street Journal, 20 February 2010
9. Бонен Й., Кальморген Я.-Ф. Как Web 2.0 изменяет политику // Internationale Politik, июль – август 2009, № 7.
10. American Corners in the World [http://www.americancorner.hu/htmls/american_corners_in_the_world.html], 29 July 2010.

ӘОЖ 327.33 (574+519)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Рахметова Камелия Кайратовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қилыбаева П.Қ.

Қазақстан мен Корея Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 28 қаңтарда орнатылды. Содан бастап екі ел арасында саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту тұрғысында қыруар шаралар атқарылды.

Корея Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі 1993 жылы, ал Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Елшілігі 1996 жылы ашылды.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында Елдік және өңірлік басымдықтардың бірі ретінде Корея Республикасымен өзара іс-қимылда аса жаңа технологияларды тартуға, Қазақстанда энергия және су үнемдеу технологияларын енгізуге, түрлі салаларда қазақстандық білім беру

жүйесінің дамуына жәрдемдесуге, «Орталық Азия мен Корея Республикасы» диалогтарын нығайтуға баса назар аударылады [1].

Екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары 1996 жылы мамырда Қазақстан республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Кореяға және Корея Республикасының Үкіметі мен Парламенті делегациясының Алматыға сапары барысында анықталды. Аталған ресми кездесулерде екі елдің кең ауқымдағы серіктестігіне заңдық тұрғыдан негіз беретін бірнеше құжаттарға қол қойылды. Екі жақты сауда – саттықты кеңейтті, қоршаған ортаны қорғау, жаппай қырып жоятын қаруларды таратпау сияқты екі жақтың мүдделеріне тиімді бейбітшілікті қамтамасыз ету және өркендету жолында БҰҰ – мен аймақтық халықаралық ұйымдарда ынтымақтастық туралы келісім жасады [2, 8 б.]. 1997 жылғы азиялық қаржы дағдарысына байланысты, екі ел арасындағы қарым-қатынас біраз тоқырауға ұшырады. Ал, 2000 жылы сол кездегі Корея Президенті Но Му Хённің тұсындағы «Энергетикалық дипломатия» саясатының жүзеге асырылуының нәтижесінде екі жақты қарым-қатынас қайта жанданды. Корея Республикасының ұзақ мерзімдік мүдделерінің бірі Қазақстанмен арадағы тығыз байланысты орнату болып табылады. Кореяның алдыңғы президенті Ли Мён Бактің қызметі кезінде екі ел арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді, яғни, жан - жақты дами бастады. Олар ең алдымен біздің елімізбен тұрақты саяси және экономикалық байланыстарды қамтамасыз ету, бай энергетикалық және минералдық ресурстарды игеру мүмкіндіктеріне кепілдік алу және Орталық Азияның кең көлемді рыногында өз позицияларын орнату болып табылады. Президент Но Му Хён басқаруы тұсында Корея Қазақстанды бай табиғи ресурстары бар және дамуға әлеуеті жоғары әріптесі ретінде мойындады.

Бүгінде қазақстандық-корейлік қарым-қатынас стратегиялық әріптестік деңгейіне жетті. Дегенмен, екі ел арасындағы өзара қатынас уақытша тыныштық кезеңді де өткерді, тұтас алғанда олар тұрақты әрі тапжылмай дамып отырды.

Өткен 20 жылдан астам мерзім ішінде екі ел арасындағы қатынас өзінің дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Бірінші кезең XX ғ. 90- шы жж., бұған экономикалық қатынастардың орнауы, келісімдік – құқықтық базаның қалыптасуы жатады. Екінші кезеңге XX ғ. 90 – шы жж. екінші жартысы мен XXI ғ. бірінші онжылдығы, оның мазмұнына сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейту және Орталық Азия аймағында Қазақстанды Корея үшін негізгі әріптес ретінде ұсыну кіреді. Қазіргі үшінші кезеңге стратегиялық серіктестік деңгейі тән, өзара қарым – қатынастың барлық салаларындағы ынтымақтастықтың ерекше сипатын бағамдайды.

Екі ел арасындағы саяси диалогта мемлекет басшыларының мемлекеттік сапарлары маңызды рөл атқарды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Корея Республикасына мемлекеттік сапармен екі рет 1995 жылғы 15-18 мамыр, 2010 жылғы 21-23 сәуір, ресми сапармен 2003 жылғы 12-14 қараша және жұмыс сапарымен 2012 жылғы 26-27 наурызда Ядролық қауіпсіздік бойынша 2-ші Саммитке барды. Бұнымен қатар, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Оңтүстік Кореяның мемлекет басшыларымен үшінші мемлекеттерде өткен халықаралық іс-шаралар, яғни, 2008 жылғы 9 тамызда Пекиндегі Олимпиадалық ойындар, 2013 жылғы 6 қыркүйекте Санк-Петербуркте «G20» саммиті, аясында кездесті.

Корея Республикасының президенттері Қазақстан Республикасына екі рет ресми сапармен 2011 жылғы 24-25 тамызда және 2012 жылғы 13-14 қыркүйекте Ли Мен Бак, үш рет мемлекеттік сапармен 2004 жылғы 18-20 қыркүйекте Но Му Хён, 2009 жылғы 12-14 мамырда Ли Мен Бак, 2014 жылғы 18-20 маусымда Пак Кын Хе келді.

Екі ел арасындағы жемісті және серпінді дамудың іргетасы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев және Корея Республикасының Президенті Ким Ен Сам қол қойған 1995 жылдың 15 мамырдағы ынтымақтастық туралы Декларацияда қаланды. 1993 жылдан 2009 жылға дейінгі аралықта Кореядан Қазақстанға тартылған тура инвестицияның жалпы ағыны 4 млрд. долларға жетті.

Қазақстандық – корейлік қарым – қатынастың жаңа кезеңі Президенттер Н.Ә.Назарбаев пен Ли Мен Бактың 2009 жылдың мамырында Астанада, 2010 жылы сәуірді

Сеулде және 201 жылы қайтадан Қазақстан астанасындағы кездесулерінен бастау алды. Екі елдің басшылары екі ел арасындағы қарым – қатынас стратегиялық әріптестік деңгейіне шықты деп келісті. Стратегиялық әріптестік екі жақты ынтымақтастықтың бүкіл кешенін жүйелі түрде қамтиды және ол тегіс қамти алатын сипатқа ие болуы қажет [3].

Таяу бесжылдықта оңтүстік корейлік капиталдың ағыны 5 млрд. жетуі жоспарлануда. Жана кезең өмірге «Самұрық – Қазына» АҚ жанынан Қазақстандық – Корейлік Іскерлік Кеңестің құрылуына әкелді [4].

Қазақстан мен Оңтүстік Корея ынтымақтастығының одан ары дамуының келешегі бірнеше маңызды факторлармен байланысты.

Қазақстандық – корейлік ынтымақтастықта екі жақты қатынасқа елеулі нұқсан келтіретіндей сыртқы факторлар жоқ. Солай десек те, сыртқы факторлар орын алуы да мүмкін, сондықтан оларды білуіміз және түсінуіміз қажет. Қазақстан мен Корея арасындағы қарым - қатынасқа аймақтық және ұлттық қауіпсіздік факторы ықпал етуі мүмкін. Корей түбегінде және Орталық Азияда тұрақты жағдай сақтала ма?. Солтүстік Корея жетекшісінің болжап болмайтын әрекеттері, АҚШ армиясының Ауғанстаннан шығарылуы, Қазақстанмен көрші мемлекеттерде көрініс берген саяси тұрақсыздық, міне, осының бәрі мазасыздық туғызады. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік оңтүстік корейлік бизнес пен инвестицияның Қазақстанда қолайлы өрістеуі үшін сыртқы фактор маңызды болып табылатыны даусыз.

Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық әріптестігін ілгерілетіте дамытудың тағы бір факторы бар. Қазақстан үшін басты ішкі детерминант, сөзсіз, Үдемелі инвестициялық – инновациялық даму (ҮИИД) болып табылады. Тура шетелдік инвестициялар әртараптандыру және бәсекеге сай ұлттық экономиканы дамыту жоспарын жүзеге асырудың негізі болып табылады. Азия аймағында ғылыми-техникалық дамуда үлкен жетістікке жетіп, әлемдік қауымдастыққа экономиканы аз уақыттың ішінде жоғарғы қарқынмен дамытудың сәтті үлгісін көрсеткен елдердің бірі – Оңтүстік Корея. Бұл мемлекеттің дамуында ғылыми-техникалық саясат пен инновацияның рөлі зор. Сондықтан, қазіргі таңда, Қазақстан индустриалдық-инновациялық даму даңғылына бет алған шақта, Оңтүстік Кореямен әріптестік пен тәжірибе алмасудың маңыздылығы басым.

2014 жылы маусым айында елімізге ресми сапармен келген Корея Республикасының Президенті Пак Кын Хе мен Президентіміз Н.Ә.Назарбаев байланыстарды жоғары деңгейде нығайтудың, сауда -экономикалық және инвестициялық – технологиялық ынтымақтастықтың, сондай-ақ, Қазақстан мен Оңтүстік Корея стратегиялық серіктестігінің негізгі бағыттарын талқылады. Тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар жөнінде де пікір алмасып, халықаралық және өңірлік ұйымдар аясындағы екі жақты іс – қимылдың негізгі мәселелері бойынша ұстанымдарын саралады. Келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар құжаттарға – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметінің арасындағы өзара визалық талаптарды жою туралы келісімге; Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Корея Республикасының Мемлекеттік заңнама министрлігі арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Корея Республикасының Ғылым, ақпараттық коммуникациялық технологиялар және болашақ жоспарлау министрлігі арасындағы ғылым және ғылыми –техникалық қызмет саласындағы түсіністік туралы меморандумға; Қазақстан Республикасының қоршаған орта және су ресурстары министрлігі мен Корея Республикасының Орман шаруашылығы қызметі арасындағы орман шаруашылығы және Қазақстан ормандарын қалпына келтіру саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға және Өндіруші қондырғылардың электр қуатын әзір күйде ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу шарттына қол қойылды [5, 1 б.].

Қазіргі Корей үкіметі «Еуразия Жібек жолының» экономикалық әлеуетін жоғары бағалайды және осы аймаққа өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Соның ішінде, елдердің тауар айналымын жылдамдату үшін Корей түбегі мен Еуразияның «Жібек

жолын» жалғастыруды дамытудың 7 маңызды дипломатиялық міндеттерінің қосылғанына сенім артады.

Корея үкіметі Қазақстанмен (ODA) «дамудың арнайы көмектері» бағдарламаларын іске асыру жолдары бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Корей кәсіпорындары Қазақстанды ілгерілету мақсатында қарқынды инвестиция жасап отыр. Қазір Samsung, LG, Hyundai, SK, POSCO, KCC, Highvill, Asiana Airlines секілді 250-ге жуық компания Қазақстанда энергия ресурстарын, зауыт, инфрақұрылым, тұрғын үй құрылысын жетілдіру барысында түрлі салада қызмет атқаруда және соңғы уақытта қаржы, денсаулық сақтау саласында да инвестиция салды.

Оңтүстік корейлік серіктестермен шикізаттық емес саладағы ынтымақтастық жүйелі түрде кеңейіп келеді. Жеңіл автомобильдер мен жүк және жолаушы тасымалы көліктерін құрастыру кәсіпорындары бар. Қазақстанның машина жасаушылар одағы және «КОАМІ» Кореяның машина жасау қауымдастығы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Екі ел арасындағы Балқаш жылу электр стансасы, Атырау мұнай-химия кешенінің құрылыс жобасы және ағымдағы ауқымды экономикалық жобаларды бірқалыпты жүзеге асырумен қатар, екіжақты табысты әрі озық әдістер негізінде ынтымақтастық қатынасты орнатуда белсенді түрде қызмет атқарылып жатыр.

Екі ел арасында Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша үкіметаралық комиссия, Энергетика және минералды ресурстар бойынша комитет, Мәдени ынтымақтастық бойынша комиссия, Стратегиялық ынтымақтастық бойынша іскерлік кеңес және Технологиялық ынтымақтастық бойынша орталық сияқты бірлескен комитеттер жұмыс істейді.

Жан – жақты дамып келе жатқан қарым – қатынастарды жаңа әлдеқайда тиімді және болашаққа межеленген деңгейде алып шығу сенімді қарым – қатынастар негізінде серпінді дамуда. Қазақ – корей стратегиялық әріптестігінің тарихы жаңа кезеңге жоғары деңгейдегі, қарқынды жұмыстар негізінде ілгерілеуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741 Жарлығы// adilet.zan.kz/kaz/docs/U140000074
2. Токаев К. Внешняя политика: время размышлений, время действий // Казахстан и мировое сообщество. -1995., №2.
3. К официальному визиту Президента Республики Корея Ли Мён Бака в Казахстан. АСТАНА. 12 мая. КАЗИНФОРМ.<http://inform.kz/rus/searchtag/68/9>
4. Создан Казахстанско-корейский деловой совет. <http://www.invest.gov.kz/>
5. Әлісұлтан Құланбай. Қазақстан – Корея: стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі // Егемен Қазақстан. №120, 20 маусым. 2014.
6. О стратегическом партнерстве см. подробнее: Ким Г.Н. Стратегическое партнерство в современных международных отношениях. — Analytic, 2011, № 4, с.40-53.